

Шектеу іс – шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы селолық округі әкімінің 2014 жылғы 03 шілдедегі № 20 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 3968 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 10.04.2015 № 2 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 11 маусымдағы № ВОЗ-4/142 ұсынысына сәйкес, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Уақ малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің Құмсай қыстағында орналасқан "Заңғар" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ш. Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі

А. Мубараков